**Қазақстан Республикасында көлік құралдарын және олардың тіркемелерін мемлекеттік тіркеудің Ережелері**

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы IIМ 1998 жылғы 12 қазандағы N 343 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1999 жылғы 23 ақпанда N 690 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2010 жылғы 26 ақпандағы № 90 Бұйрығымен

Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2010.02.26 № 90 Бұйрығымен.

( ҚР IIМ 1998 жылғы 12 қазандағы N 343 бұйрығынан үзінді )

Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы желтоқсанның 21-індегі N 2707 "Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы" заң күші бар Жарлығына және Қазақстан Республикасының 1996 жылғы шілденің 15-індегі N 29 "Жол қозғалысы қауіпсіздігі туралы" Заңына сәйкес бұйырамын:

1. Қосылып беріліп отырған:

1) Қазақстан Республикасында көлік құралдары мен тіркемелерді мемлекеттік тіркеуден өткізу Ережелері /қосымшаларымен бірге/;

2) Көлік құралдарын, олардың тораптары мен агрегаттарын сатып алуға берілетін анықтама-есепшоттың бланкілерін қабылдап алу, есепке алу, сақтау және жұмсау тәртібі туралы Ережелер /қосымшаларымен бірге/;

3) Көлік құралдарын басқару құқығын алу, емтихан қабылдау, азаматтарға жүргізуші куәлігін беру тәртібі туралы Ережелер /қосымшаларымен бірге/;

4) Тіркеу құжаттары мен жүргізуші куәліктерінің бланкілері, көлік құралдарының номерлік белгілерін қабылдап алу, есепке алу, сақтау, жұмсау және ҚР IIМ Жол полициясының тіркеу-емтихан бөлімшелерінде тексеріс өткізу тәртібі туралы Ережелер /қосымшаларымен бірге/ бекітілсін.

2. Аталмыш Ережелер Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап күшіне енеді деп белгіленсін.

3. Облыстардың, Астана мен Алматының IIБ, ҚIIБ бастықтары:

1) аталмыш Ережелерді жол полициясы мен ішкі істер органдарының басқа қызметтерінің барлық бөлімшелерінде оқып-үйренуді және Ережелерде көзделген қызмет құжаттарын жасауды қамтамасыз етсін;

2) Ережелерге сәйкес тіркеу-емтихан бөлімшелерінің жұмысына бақылау жасауды және кадрлар алмастыру принципін пайдалана отырып, бұл бөлімшелерді неғұрлым білікті мамандармен толықтыруды ұйымдастырсын;

3) облыстардың, Астана мен Алматы ІІБ, ҚІІБ ЖПД жанынан жаңа қосымша тіркеу-емтихан бөлімшелері мен пункттері құрылғанда мұны ҚР ІІМ Жол полициясы департаментімен келіскеннен кейін ғана жүзеге асырсын;

4) Бекітілген Тәртіптер талаптарының орындалуын бақылау жөніндегі дербес жауапкершілік Астана қаласының ІІБ, Алматы қаласының ІІББ, облыстардағы ІІББ-ІІБ Жол полициясы басқармаларының бастықтарына жүктелсін.

Ескерту: Бұйрықтың 3-тармағындағы 4-тармақшасы жаңа редакцияда жазылды - ҚР Ішкі істер министрінің 2001 жылғы 25 наурыздағы N 249 бұйрығымен .

5) Ережелердің мазмұнын жүргізуші кадрлар даярлайтын кәсіпорындар мен ұйымдардың, оқу мекемелерінің және бұқаралық ақпарат құралдарын пайдаланып түсіндіру арқылы жұртшылықтың назарына жеткізсін.

4. Жол полициясының департаменті 1998 жылдың екінші жартыжылдығында мың данамен жеке кітапша шығаруды қамтамасыз етсін.

5. ҚР ІІМ-нің 1996 жылғы маусымның 24-індегі N 217 бұйрығының күші жойылды деп есептелсін.

6. Осы бұйрықтың орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасы ІІМ-нің Жол полициясы Департаментіне жүктелсін.

*Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрі Ішкі істер әскерлерінің қолбасшысы*

*генерал-лейтенант*

**Қазақстан Республикасында көлік құралдарын және олардың тіркемелерін мемлекеттік тіркеудің Ережелері (бұдан әрі - Ережелер)**

Жалпы қолданылатын автомобиль жолдарында жүруге арналған қозғалтқышының жұмыс көлемі 50 текше см. астам және ең жоғары конструкциялық жылдамдығы 50 км/сағат артық көлік құралдарын және олардың тіркемелерін (бұдан әрі - көлік құралдары) мемлекеттік тіркеу Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүргізіледі және жол қозғалысына, оның ішінде халықаралық жол қозғалысына көлік құралдарының қатысуына мемлекеттік рұқсат шарасы болып табылады. Мемлекеттік тіркеу көлік құралдарының конструкциясы, техникалық ахуалы мен қондырғыларының қауіпсіздік талаптарына сай келуін бақылауды қамтамасыз ету, көлік құралдарын сатып алу, алу, қолдану, басқаға беру, жарамсыздыққа шығару тәртібін сақтау, көлік құралдарын орталықтандырылған және өңірлік есебін қамтамасыз ету,

қылмысқа және басқа да құқық бұзушылықтарға қарсы күресу мақсатында жүргізіледі.

Осы Ережелерде мынадай түсініктер қолданылады:

1) көлік құралдарын мемлекеттік тіркеу (бұдан әрі - көлік құралдарын тіркеу) осы Ережелерге сәйкес көлік құралдарын есепке алу, есептен шығару, мемлекеттік тіркеу нөмірлік белгілерін (бұдан әрі - нөмірлік белгілер) және олардың жол қозғалысына қатысуына рұқсатын растайтын ресми құжаттарын беру жөніндегі ішкі істер органдары жол полициясының қызметі;

2) тіркеуге өзгеріс енгізу - заңда белгіленген құқықтық негіздер болғанда есепке алу деректері мен көлік құралдарының құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу;

3) тіркеу пункті - көлік құралдарын тіркеу жөніндегі заңды елеулі іс-әрекеттерді жүзеге асыратын ішкі істер органдары жол полициясының бөлімшесі;

4) көлік құралының иесі (иенің өкілі) - көлік құралының меншік иесі болып табылатын, не болмаса иеленетін немесе оны пайдаланатын, немесе заң актілерінде белгіленген негізде және шекте көлік құралына иелік ететін жеке адам немесе заңды тұлға;

5) тіркеу құжаттары - көлік құралдарына ресми құжаттар болып табылатын олардың жол қозғалысына қатысуына рұқсат етілгенін растайтын көлік құралын тіркеу туралы куәлік.

Ескерту: Ереженің кіріспесі жаңа редакцияда жазылды - ҚР Ішкі істер министрінің 2005 жылғы 26 сәуірдегі N 249 бұйрығымен (ресми жарияланғаннан бастап қолданысқа енгізіледі) .

## 1. Жалпы ережелер

1. Осы Ережелер Қазақстан Республикасының барлық территориясында заңды тұлға болып табылатын барлық меншік түріндегі кәсіпорын, мекеме, ұйымдардың, Қазақстан Республикасы азаматтарының, шетелдік заңды тұлғалар (бұдан әрі - заңды тұлғалар) мен азаматтығы жоқ адамдардың иелігіндегі көлік құралдарын, сонымен бірге басқа мемлекетте тіркелген және Қазақстан Республикасына екі айдан артық мерзімге уақытша әкелінген көлік құралдарын Қазақстан Республикасының Жол полициясы бөлімшелерінде мемлекеттік тіркеу (тіркеуге өзгеріс енгізу) және есепке алуда бірыңғай тәртіп орнатады; сондай-ақ осы саладағы Жол полициясының қызметін реттейді.

Жол полициясында жолдан тыс автомобильдер (БелАЗ, МоАЗ типтес және т.б.), жарысқа қатысатын көлік құралдары, жабық территорияларда пайдаланылатын және жалпы жолдарда пайдалануға жатпайтын техникалық

көліктер, троллейбус, трамвай, мопед, велосипед, және қосалқы бөлшектерден құрастырылған көлік құралдары тіркеуге алынбайды.

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, шекара, ішкі, арнайы (үкіметтік байланыс, инженерлік-техникалық және басқа) әскерлерінің тиісті заңға сәйкес құрылған көлік құралдары үшін тіркеудің басқадай тәртібі белгіленген.

Тиісті тәртіппен тіркелмеген көлік құралдарын пайдалануға тыйым салынады .

Ескерту: 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ішкі істер министрінің 2005 жылғы 26 сәуірдегі N 249 бұйрығымен (ресми жарияланғаннан бастап қолданысқа енгізіледі) .

2. Ережелер көлік құралдарының иелері мен олардың өкілдері (бұдан әрі - иелері) болып табылатын барлық Қазақстан Республикасының заңды және жеке тұлғалары, шетелдік заңды тұлғалар мен азаматтар, азаматтығы жоқ адамдар үшін міндетті.

Ескерту: 2-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ішкі істер министрінің 2005 жылғы 26 сәуірдегі N 249 бұйрығымен (ресми жарияланғаннан бастап қолданысқа енгізіледі) .

3. Көлік құралдарын тіркеуді, есепке алуды, есептен шығаруды, тіркеуге өзгерістер енгізуді Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Жол полициясы жүзеге асырып, оны ішкі істер органдарының тіркеу бөлімшелері ( бұдан әрі - тіркеу пункттері) жүргізеді.

Ескерту: 3-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ішкі істер министрінің 2005 жылғы 26 сәуірдегі N 249 бұйрығымен (ресми жарияланғаннан бастап қолданысқа енгізіледі) .

4. Көлік иелері өздерінің көлік құралдарын тіркеуге немесе "Транзит" номерлік белгісінің мерзімі біткенше тіркеу мәліметтерін өзгертуге немесе оны сатып алған, кеденнен өткізген, есептен шығарған, агрегат номерлерін өзгерткен 5 тәуліктің ішінде немесе тіркеуге өзгерту енгізуді қажет ететін басқадай жағдай болғанда тіркеу пунктіне әкелуге міндетті.

5. Тіркеуге бөлінген мерзім ішінде көлік құралын оны тіркету үшін көрсетуге әкелу мақсатымен тіркеу пунктіне бару үшін ғана және міндетті түрде транзиттік номермен жүруге рұқсат етіледі.

6. Тіркелетін көлік құралының конструкциясы Қазақстан Республикасында жол қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғау стандарты, ережелері мен нормативтеріне сай қауіпсіздік талаптарына сәйкес болуы керек.

7. Тиісті Мемлекеттік стандарт пен ережелерді бұзып конструкциясына өзгеріс енгізілген, сондай-ақ тиісті талаптарға сай келмейтін оперативтік және арнайы қызмет көлік құралдары тіркеуге қабылданбайды.

8. Тіркеуге ұсынылған көлік құралына (номерлі агрегатқа) иелік құқын растайтын құжаттарда оның жасалған күні мен орны, сатудың мәні мен шарты ( мемлекеттік органның шешімі) онымен қоса көлік құралының құны, тараптардың мекен-жайлары, реквизиттері және қолдары (заңды тұлғалар үшін - мөрмен расталған қолдар), көлік құралы туралы мәліметтер (маркасы, моделі, модификациясы (типі), шыққан жылы, көлік құралының идентификациялық номері (VIN), егер оны жасаушы кәсіпорын берген болса - түсі, шассидің ( раманың), кузовтың (колясканың, тіркеменің), двигательдің реттік өндірістік номері, қабылдау-тапсыру актісінің (сертификаттың, көлік құралы паспортының) сериясы, номері, жасалған күні немесе тіркеу құжаты және оны берген ұйымның атауы болуы керек.

9. Тіркеуге өшірілген немесе қосып жазылған, сызылған сөздері немесе басқадай түзетулері бар, сондай-ақ қарындашпен жазылған құжаттар қабылданбайды. Аталған құжаттардың мәтіні анық әрі ашық жазылуы тиіс. Азаматтардың аты-жөні, тұрған жері толық көрсетілуге, ал заңды тұлғалардың атаулары қысқартылмай мекен-жайы дәл көрсетілуге тиіс. Заңда көрсетілген жағдайлардан басқа тіркеу жасауға ұсынылған құжаттардың көшірмелері, сондай-ақ тіркеу пункттері берген тіркеу немесе басқадай құжаттардың көшірмелері түпнұсқаны айырбастай алмайды.

10. Тіркеу қағаздары, тіркеу пункттері беретін тіркеу және басқа құжаттар қазақша және орысша жүргізіледі. Көлік құралының тіркеу куәлігінің реквизиттері Жол қозғалысы Конвенциясының талаптарына сәйкес латын әліппесінің әріптерімен қоса жазылады. Тіркеу құжаттары басу құралдарын пайдаланып, қара түсті пастамен толтырылады.

11. Тіркеуді жасауға ұсынылған көлік құралына иелік құқын растайтын құжаттар немесе өзге де құжаттар басқа тілде жазылған болса, ол міндетті түрде қазақ және орыс тілдеріне аударылып, оның басқа тілден дұрыс аударылғандығы жөнінде нотариустың немесе нотариалдық іс жүргізуге құқы бар басқадай лауазым иесінің растаған қолы болуы керек.

12. Қазақстан Республикасына заңды және жеке тұлғалар әкелетін көлік құралдары Қазақстан Республикасы Кеден комитетінің анықтаған тәртібімен міндетті кедендік сұрыптаудан өтуге тиіс.

Қазақстан Республикасының территориясына әкелінген көлік құралына ( номерлі агрегаттарға) меншік құқы Қазақстан Республикасы кеден органдары берген құжаттармен расталады.

13. Тіркеу пункттерінің қызметкерлері көлік құралдарының иелеріне олардың құқы мен мүддесін қорғауға, міндеттерін түсіндіруге, тіркеу мәселелері бойынша түсінік беруге міндетті.

14. Тіркеу пункттерінің қызметкерлеріне тіркеу барысында оларға белгілі болған мәліметтерді заңда көрсетілген жағдайлардан басқа уақытта өзгелерге жаюға тыйым салынады.

15. Осы Ережелердің талаптарын бұзған адам тиісті заңға сәйкес жауапкершілікке тартылады.

## 2. Тіркеу пункттері жасайтын әрекеттер

16. Тіркеу пункттері төмендегідей әрекеттер жасайды:

1) Көлік құралдарын тіркейді және оның иелеріне тиісті құжат пен номерлік белгі береді;

2) Тіркеуге өзгерістер енгізеді;

3) Көлік құралын есептен шығарады;

4) "Транзит" номерлік белгісін береді;

5) Қазақстан Республикасының басқа аймақтарынан келген көлік құралдарын уақытша тіркеуден өткізеді;

6) Жоғалған, пайдалануға жарамсыз болған, тиісті үлгіге сай келмейтін немесе мерзімі өтіп кеткендердің орнына тіркеу құжаттарын береді;

7) Жоғалған, пайдалануға келмейтін, тиісті стандартқа сай емес немесе мерзімі өтіп кеткендердің орнына көлік құралдарының номерлік белгілерін береді;

8) Көлік құралын техникалық байқаудан өткізген актіні береді;

9) Тіркеу пункттерінде тіркеуден өткен көлік құралдарының босаған агрегаттарының құжаттарын береді;

10) Жол полициясында тіркелген көлік құралдарына заңда көрсетілген жағдайларда есептен шығаруға шектеу қояды;

11) Тіркелген көлік құралдарының (номерлі агрегаттардың) және олардың иелерінің тіркеуден өткендігі туралы анықтама (реестрден көшірме) береді;

12) Аптасына кемінде бір рет тіркелген, қайта тіркелген және есептен шығарылған көлік құралдары туралы, сондай-ақ берілген жүргізуші куәліктері туралы ақпараттарды Қазақстан Республикасы Ішкіісминінің ЖПД орталық серверінің деректер базасына жіберіп отырады;

13) Көлік құралын кепілге беру шартын тіркеуді жүргізеді;

14) Сенімхат және заңда көзделген өзге де құжаттар бойынша көлік құралдарын пайдаланатын адамдарды тіркеуді және есепке алуды жүргізеді;

15) Сертификат немесе оның жол қозғалысы қауіпсіздігінің талаптарына сәйкестігін растайтын басқа да құжаттың негізінде тіркеуге әкелінген мынадай көлік құралдарына:

Қазақстан Республикасының аумағына әкелінген, тіркеу пунктінде алғаш рет

т і р к е л е т і н ;

тіркелген көлік құралының конструкциясына өзгерістер енгізілгеннен кейін мемлекеттік техникалық байқауды жүргізеді.

Ескерту: 16-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Ішкі істер министрінің 2001 жылғы 25 наурыздағы N 249 бұйрығымен , 2005 жылғы 26 сәуірдегі N 249 бұйрығымен (ресми жарияланғаннан бастап қолданысқа енгізіледі) , 2005 жылғы 23 қарашадағы N 651 бұйрығымен .

17. Тіркеу бойынша іс жүргізу осы Ережелерде және Қазақстан Республикасының басқадай нормативті-құқықтық заң актілерінде көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.

18. Тіркеу пункті беретін тіркеу және басқадай құжаттар лауазым иесінің қолымен және осы пункттің мөрімен куәландырылады. Құжаттарды, сондай-ақ номерлік белгілерді алғаны туралы көлік иесі көлік құралдарының тіркеу реестріне өз қолын қойып растайды.

19. Заңдарды және осы Ережелерді бұзып жасалған тіркеу әрекеттері жарамсыз деп табылады.

20. Тіркеу әрекетін немесе оны жасамаған жағдайды дұрыс емес деп санайтын көлік құралдарының иелері бұл туралы жоғарғы ішкі істер органдарына немесе сотқа шағым беруіне болады.

## 3. Көлік құралдарын тіркеу

21. Көлік құралдарын жасаушы кәсіпорын, көлік құралдарын сатуға рұқсаты бар сауда кәсіпорны (кәсіпкер азамат) берген анықтама-есепте көрсетілген және кедендік немесе басқадай құжаттарда көлік құралы иесінің құқын растайтындығы көрсетілген жағдайда ғана заңды немесе жеке тұлғаларға тіркеледі. Тіркеу орнының өзгеруіне байланысты есептен шығарылған (иесі өзгермеген) көлік құралдарын тіркеу сол көліктің тіркеу құжаттары негізінде іске а с ы р ы л а д ы .

Көлік құралын жасаушы кәсіпорын, лицензия негізінде оларды сатуды іске асыратын сауда кәсіпорындары (кәсіпкер азаматтар) сатуға арналған көлік құралдарын тіркеуден өткізбейді.

22. Көлік құралдары жеке тұлғалардың үнемі тұратын жері немесе уақытша тұратын жерінде (тұрақты тіркеуі болмағанда) сол тұратын уақытқа тіркеледі, ал заңды тұлғаларға - заңды мекен-жайлары бойынша, ал заңды тұлғалардың филиалдарына - олардың тұрған мекен-жайы бойынша заңды тұлғаның мөрімен растаған жазбаша рұқсатымен тіркеледі.

Көлік құралы иесінің нотариалды расталған бірлескен меншік құқы туралы куәлікті (жұбайы, әйелі және т.б.) ұсынған жағдайда тіркеу құжаттарының "

Ерекше белгілер" графасына "Қосымша ие - аты-жөні" деп жазылады да, бұл тіркеу пунктінің мөрімен расталады.

Ескерту: 22-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ішкі істер министрінің 2005 жылғы 26 сәуірдегі N 249 бұйрығымен (ресми жарияланғаннан бастап қолданысқа енгізіледі) .

23. Жеке тұлғалардың көлік құралдары жақын туыстарының жазбаша келісімімен солардың тұратын жерінде тіркелуі мүмкін. Сонымен қоса иесінің бұрынғы тұрған үйі оның атында қалғанда, оның жаңа тұратын жері бойынша тіркеуге жағдай болмаса (көлік құралдарын пайдалануға климаттық және басқа жағдайлар қиындататын жерлерде тұратын, ұзақ іссапар, әскери қызмет, оқу, ұзақ жүзетін кемелерде жұмыс істеу немесе басқадай жағдайлар) бұрынғы тұратын жері бойынша тіркелуі мүмкін.

Мұндай жағдайларда көлік құралын тіркеуге негіз болған құжаттарға оның иесінің шалғай ауданда тұратындығын растайтын келісім-шарттың немесе басқадай құжаттың көшірмесі қоса тігіледі.

Әскери қызметшілердің көлік құралдары ішкі істер органдары немесе әскери бөлімшенің тұрғылықты тұратын (уақытша келген жері) немесе үнемі тұруға тұрғын үй берілгендігі туралы анықтама негізінде тіркеледі.

24. Көлік құралы тиісті заңға сәйкес азаматтық әрекет қабілеттілігі бар адамдарға тіркеледі.

25. Заңда көрсетілген жағдайда мұраға беру, сыйлыққа тарту нәтижесінде көлік құралына иелік құқық туған кезде көлік құралдары азаматтық әрекет қабілеттілігі жоқтарға да тіркелуі мүмкін. Егер иегер 14 жасқа дейінгі кәмелетке жетпеген азамат болса, тіркеу әрекеттері ата-аналардың (асырап алушылардың) немесе қамқорлыққа алған органдардың атынан жасалады, ал иегер 14 пен 18 жас аралығында болса, оның жазбаша келісімімен ата-анасы (асырап алушы) немесе қамқорлыққа алған органдар жасайды.

26. Дипломатиялық өкілдіктер, консулдық мекемелер, халықаралық ( мемлекетаралық) ұйымдар, шетелдік банктер мен фирмалар, шетелдік баспасөз, радио, телевидение органдары, сондай-ақ шет мемлекет азаматтары немесе азаматтығы жоқ адамдардың Қазақстан Республикасының территориясына қайтадан алып кету туралы міндеттеме бойынша екі айдан артық мерзімге уақытша әкелген көлік құралдарын тіркеу осыларға тіркеу жасайтын Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің дипломатиялық өкілдіктермен жұмыс жөніндегі ұйымдары берген құжаттарда көрсетілген заңды мекен-жай бойынша тіркеледі.

Ескерту: 26-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ішкі істер министрінің 2005 жылғы 26 сәуірдегі N 249 бұйрығымен (ресми жарияланғаннан бастап қолданысқа енгізіледі) .

27. Жол полициясы тіркеу бөлімшелерінің қызметкерлері заңды және жеке тұлғалардың жүк машиналары, олардың тіркемелері мен жартылай тіркемелері және автобустар туралы мәліметтерді ауқымдық әскери комиссариаттар ресми сұрау салғанда беруге міндетті.

28. Тіркеуге алу, тіркеу құжаттары мен номерлік белгілерді жоғалғандарының орнына бергенде, тіркеуге өзгеріс енгізгенде көлік иесі өзінің көлік құралын есепке алу мәліметтеріне оның номерлерінің сай келуін тексеру үшін тіркеу пунктіне әкелуге міндетті.

Байқау кезінде мыналар іске асырылады:

- тіркелетін көлік құралы конструкциясының қауіпсіздік талаптарын белгілейтін Қазақстан Республикасының заң актілеріне сай келуін бақылау;

- оперативтік және арнайы қызмет көлік құралдарының "Арнайы және оперативтік қызмет автомобильдері, автобустары, мотоциклдары. Түсті графикалық схемалар, айыру белгілері, жазулар, арнайы жарық және дыбыс дабылдары. Жалпы талаптар." ГОСТ-ның талаптарына сай келуін бақылау;

- агрегат номерлері мен номерлік белгілердің жалған болмауына (өзгертілген, жасырылған және де басқадай тәсілдермен агрегат номерлерін, номерлік белгілерді өзгертуді анықтау) және ол мәліметтердің көлік құралының көрсетілген құжаттарына сай келуін бақылау;

- көлік иесінің көлік құралын Ережелерде көрсетілген мерзімде тіркеуіне бақылау жасау. Байқаудың нәтижесі көлік иесінің берген өтінішіне ("ЖП-ның қызмет белгілері" графасына) жазылады, оның мерзімі 20 тәулік.

29. Көлік құралын алып келуге кедергі болатын жағдайларда көлік құралының тұрған жеріндегі Жол полициясы бөлімшесі жасаған және ІІБ ЖП басқармасы (бөлімі) бастығының немесе оның орынбасарларының, иә болмаса ІІБ ЖПБ ТЕБ бастығы растаған байқау актісін ("Транзит" номерлік белгісін алған жағдайдан басқа) ұсынуға болады. Актінің жарамдылық уақыты 20 тәулік. Қазақстан Республикасынан тысқары жерде жасалған көлік құралын техникалық байқау актісі осы құжатқа қойылатын талаптарға сәйкес халықаралық шарттар мен келісімдерге сай болуы керек.

30. Тіркеу бөлімшелерінің қызметкерлері тіркеу кезінде паспорт немесе оның орнындағы құжат негізінде көлік құралының иесін немесе оның өкілін анықтайды. Иесінің өкілі келген жағдайда көлік құралына тіркеу жасауға оның өкілеттігі бары тексеріледі.

31. Жеке тұлға болып табылатын көлік құралы иесінің өкілі келгенде, оның көлік құралын тіркеу кезінде иесінің мүддесін қорғауға өкілеттігі тиісті заңға сәйкес берілген сенімхат негізінде тексеріледі. Заңды тұлғалардың өкілеттілігі басшының қолы қойылып, заңды тұлғаның мөрімен расталған сенімхат немесе өтініш арқылы куәландырылады.

32. 14-16 жастағы азаматтардың жеке басын куәландыру олардың ата-аналарының, асырап алушылардың немесе қамқорлық жасаушы органдардың кәмелетке толмаған адамның туу туралы куәлігін ұсыну арқылы жасалады.

33. Тіркеуге өзгеріс енгізу, көлік құралын есептен шығару, жоғалған немесе жарамсыздарының орнына тіркеу құжаттарының дубликаттарын беру және басқадай тіркеу әрекеттері ("Транзит" номерлік белгілерін беру, көлік құралының келген жерінде уақытша тіркеу, техникалық байқау актісін беру жағдайларынан басқа) көлік құралының тіркелген жерінде жасалады.

34. Көлік құралын тіркеу үшін оның иесі мыналарды ұсынады:

1) өтініш (7, 8-қосымшалар);

2) заңды тұлғаның өтініші міндетті түрде кәсіпорын, ұйым мөрімен расталуы керек;

3) көлігін тіркеуге тілек білдіруші азаматтың жеке басын куәландыратын құжат;

4) тиісті баждарды төлегені туралы құжат және төлемдердің;

5) кәсіпорын, ұйым және т.д. заңды тұлға екенін растайтын шаруашылық субъектісін тіркеу куәлігі немесе басқадай құжаттың расталған көшірмесі;

6) көлік құралының тіркеу құжаты;

7) есептен шығару және "Көлік құралдарын тіркеу" бөлімінің 29-тармағында көрсетілген жағдайдан басқа кезде көлік құралының өзін әкелу;

8) сауда кәсіпорындары берген анықтама-есеп (9-қосымша) немесе көлік құралына иелік құқын растайтын басқадай құжат, номерлі агрегат.

Ескерту : Көлік құралдарына, номерлі агрегаттарға меншік құқын растайтын басқадай құжаттарға мыналар жатады:

1) сатып алғанын, сондай-ақ көлік құралын ҚР кедендік ауқымына әкелгенін растайтын құжаттар (ТС-25, ЖТД);

2) әлеуметтік қорғау органдары берген құжаттар;

3) орындауға жататын мемлекеттік органның әрекеттері туралы сот шешімінің, қаулысының не болмаса сот орындаушысы хабарламасының тиісті түрде расталған көшірмесін қоса отырып орындау парағы;

4) келісім-шарттар, куәліктер, мұраға берілген құқын растайтын, сондай-ақ тиісті заңға сәйкес жасалған басқадай құжаттар.

9) қайтадан әкетуге міндеттеліп Қазақстан Республикасына алып келген көлік құралдарының номерлік белгілері, "Транзит" белгілері және тіркеу құжаттары;

10) жасаушы заводтың қабылдау-тапсыру актілері немесе Қазақстан Республикасында көлік құралына арнайы қондырғылар орнатқан кәсіпорынның сертификаты, немесе алып келген қондырғылардың тиісті кедендік құжаттары;

11) автомобиль жасау саласына жатпайтын кәсіпорындарда шығарылатын көлік құралдарының конструкциясын Қазақстан Республикасы ІІМ ЖПД,

облыстық, Астана және Алматы қалаларының ІІБ ЖПД басқармаларымен келісілгені туралы куәлік;

12) заңды тұлғаның көлік құралын өзінің құрылымдық бөлімшесіне немесе басқа заңды яки жеке тұлғаға бөлу және ауыстырып беру туралы мөр қойылған бұйрық (өкім).

13) Қазақстан Республикасының салық төлеушісі куәлігінің расталған көшірмесі.

14)Көлік құралдарын және олардың тіркемелерін тіркеуге негіз болған құжаттар осы тармақтың 3) тармақшада көрсетілген құжаттардан басқасы белгіленген тәртіппен іске тігіледі және үш жыл бойы сақталады.

Ескерту : Жол полициясында есепте тұрған және жаңа заңды немесе жеке тұлғаларға сатылған (берілген) заңды тұлғалардың көлік құралдарын тіркеу үшін мыналар негіз болады: бұрынғы тіркеу құжаттары, жалпы жиналыстың хаттамасы, бірінші басшының қолы қойылып, мөрмен расталған осы ұйым бойынша бұйрықтың көшірмесі, негізгі қорларды қабылдау-тапсыру актілері (Ос -1 формасы), сатылған көлік құралы үшін төленген төлемдерді растайтын құжаттар, мемлекеттік мүлік жөніндегі ауқымдық органның не заңды тұлғалар бойынша, мемлекеттік меншіктік құқықты субъектік функцияларын жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың рұқсаты (мемлекет меншігіндегі заңды тұлғалар үшін). Көлік құралдарын сауда ұйымдары арқылы сатқанда, оларды тіркеу қолда бар тіркеу құжаттары, заңды тұлғаның бұйрықтары (өкімдері), сауда ұйымдары арқылы сату туралы жалпы жиналыстың хаттамасынан көшірме және сауда кәсіпорны берген анықтама-есеп негізінде жүргізіледі.

Ескерту: 34-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Ішкі істер министрінің 2001.10.28 N 762 , (Бұйрық 2002 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді), 2002.10.01 N 632 , 2005.04.26 N 249 (ресми жарияланғаннан бастап қолданысқа енгізіледі), 2008.11.13 N 424 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) Бұйрықтарымен .

35. Сауда мекемелері тұтынушыға анықтама-есеп бергенде оларға көлік құралдарын сату құқына рұқсат етілген және сол нақты көліктің қайдан келгенін растайтын құжаттардың куәландырылған көшірмелерін беруге міндетті, атап айтқанда:

- көлік құралын және оның агрегаттарын жасаушы заводтың қабылдау-тапсыру актісі;

- кедендік жүк декларациясы (кедендік құжаттардың көшірмесін оны берген кеден органдары ғана растай алады) және сатылған көлік құралын сауда кәсіпорны Қазақстан Республикасынан тысқары жерден әкелген жағдайда оның заңдылығын растайтын құжаттар;

- көлік құралының тіркеу құжаттары.

36. Сот, тергеу органдары, салық, кеден және әлеуметтік қорғау органдары көлікке иелік құқына тыйым салу немесе оны өзгертуге шектеу қою, сондай-ақ Қазақстан Республикасына қайтадан алып кету міндеттемесімен әкелінген көлік құралының шетелге әкету мерзімі көлік құралының тіркеу құжатының тиісті реквизитіне жазылады.

Мұндай мәліметтерді өзгерту тыйым мен шектеуді енгізген тиісті органдардың берген құжаттары негізінде жасалады.

37. Қолмен басқарылатын көлік құралдарының, сондай-ақ 1-ші және 2-ші топтағы мүгедектердің көлік құралдарының есеп карточкасының "Ерекше белгілер" графасына "Мүгедек" белгісін қоюға рұқсат етіледі" деген жазу жазылады.

38. Әскери бөлімдерден сатылған көлік құралдарын тіркеу мына негізде жүргізіледі:

1) Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің материалдық қорлар басқармасының төлем төленгені туралы есеп-наряды (12-қосымша);

2) Көлік құралының бағыныштылығына байланысты тиісінше Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті немесе Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі, Республикалық Ұлан, ҚР Президентін күзету бөлімі бекіткен көлік құралының техникалық ахуалы және беру жөніндегі актісі (13, 14-қосымшалар).

Ескерту : ҚР ҰҚК, ҚР ІІМ меншігіне жататын көлік құралдарын сатқанда атқарушы орган - комиссияның есеп-наряды тиісті ведомствоның мөрімен расталады.

39. Заңды және жеке тұлғалардың аукциондар мен сауда биржалары алған көлік құралдарын тіркеу осы көлік құралдарын биржаға қоюдың заңдылығын растайтын және нақты адамдарға сатылғаны жөнінде тиісті мөрі мен жауапты адамның қолымен расталған аукционның немесе биржаның анықтамасы негізінде жасалады.

40. Заттай лотереяны өткізгенде ұтып алған азаматтардың көлік құралдарын тіркеу осы Ережелердің 15-тармағына сәйкес көлік иесіне берілген анықтама-есеп негізінде және лотереялық комиссияның лотерея өткізушінің мөрімен расталған шешімімен жүргізіледі.

41. Өз бетімен құрастырылған және жасалған көлік құралдары оның агрегаттарын, детальдар мен материалдар алудың заңдылығын растайтын, консультациялық топтың немесе тиісті техникалық бақылау комиссиясының көлік құралының конструкциясы жол қозғалысы қауіпсіздігінің талаптарына сай келетіндігі және жалпы қолданыстағы жолдарда пайдалануға рұқсат етілген қорытындылары негізінде жасалады.

Мұндай сарапшылық-кеңестік топ немесе техникалық бақылау

комиссиясының қызметі Қазақстан Республикасының нормативті-құқықтық актілерімен белгіленеді.

42. Арнайы және оперативтік қызметтің көлік құралдары арнайы машиналар тізіміне сәйкес заңды тұлғаларға-иелерге бекітіледі (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 25 қарашадағы N 1650 қаулысының 3-қосымшасы).

ГОСТ бойынша арнайы жарық және дыбыс белгілерін беретін қондырғымен жабдықталған көлік құралының тіркеу құжаттарының "Ерекше белгілер" графасына "Дыбыстық, көк және...(арнайы маяктың нақты түсі көрсетіледі) белгілер", деп жазылады. Мұндай жазу автокөліктің есеп карточкасының сондай реквизитіне де жазылады.

Оперативтік қызметтің көлік құралдарының тіркеу құжатындағы "Түсі" деген графаға "ГОСТ бойынша" деп жазылады.

43. Сынақтан өтіп жүрген көлік құралдарының тәжірибелік үлгілерін тіркеу кезінде оған берілген тіркеу құжатына "Сынақ" белгісі қойылады да, номерлік белгі беріледі. Тіркеуге жасаушы кәсіпорынның қауіпсіздік талаптарына сай, техникалық міндеттемеде көрсетілген және сынаққа жіберу туралы сараптық қорытындысы негіз болып табылады.

Жасаушы кәсіпорын және автожөндеу заводтарының техникалық шартына сәйкес бақылау сынақтарын өтіп жатқан көлік құралдарына тіркеу құжаттары бір жылға беріп, оған "Сынақ" белгісі қойылады және номерлік белгі беріледі.

44. Тіркеу іс-әрекеттерін жүргізер алдында Қазақстан Республикасының аумағына жаңадан келген көлік құралдары (нөмірлік агрегаттар) және мемлекеттік есептен шығарылатын көлік құралдары (нөмірлік агрегаттар) айдап әкетілген, ұрланған көліктің есебі бойынша тексеріледі.

Жүргізілген тексеру нәтижесі тексеруді жүргізген лауазымды тұлғаны, күні мен уақытын көрсете отырып, көлік иесінің арызына жазылады.

Ескерту: 44-тармақ жаңа редакцияда жазылды- ҚР Ішкі істер министрінің 2005 жылғы 26 сәуірдегі N 249 бұйрығымен (ресми жарияланғаннан бастап қолданысқа енгізіледі) .

44-1. Көлік құралдары агрегаттарының нөмірлерін тексеру кезінде иелеріне көлік құралын тіркеу туралы куәлікті алуға келудің датасы көрсетіле отырып, тұрақты мемлекеттік тіркеу нөмірлері, сондай-ақ көлік құралын алдын ала тіркеу талоны беріледі.

Ескерту: 44-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ішкі істер министрінің 2001 жылғы 25 наурыздағы N 249 бұйрығымен .

45. Егер ұсынылған құжаттардың, номерлік белгілердің жалғандығы, көлік құралының завод маркировкасы өзгертілгені анықталса, агрегат номерлерінің ұсынылған құжат немесе тіркеу мәліметтеріне сай келмесе, сондай-ақ сол көлік құралының (номерлі агрегаттардың) немесе ұсынылған құжаттардың іздеуде

екені мәлім болса, онда мұндай құжат пен көлік құралы ұсталып, тиісті тексеріс жасалады, бұдан соң барлық материалдар жергілікті жердегі тергеу органдарына беріледі.

Мұндай жағдайда тіркеу іс заңда белгіленген тәртіппен шешілгенше кейінге қалдырылады. Жонылған, ұрылған және дәнекерленген номерлі агрегаттар тіркелмейді.

46. Бір себептермен агрегаттарының (двигатель, кузов, шасси, рама) номері болмаған көлік құралдарына олардың аталған агрегаттарына пуансонмен биіктігі 5-7 мм және ені 3-4 мм 6 белгілі индекс соғылғаннан кейін ғана көлік құралы тіркеуге жатады.

Ескерту: 46-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ішкі істер министрінің 2005 жылғы 26 сәуірдегі N 249 бұйрығымен (ресми жарияланғаннан бастап қолданысқа енгізіледі) .

47. Техникалық жарамды көлік құралдарына тіркелген кезде бекітілген үлгідегі тіркеу құжаттары, техникалық байқаудан өткені жөніндегі талон мен тиісті типтегі номерлік белгі беріледі. Ондай белгі "Көлік құралдары мен тіркемелердің жарықты қайтаратын тысы бар мемлекеттік тіркеу белгілері" ҚР СТ 986-95 стандартында қарастырылған. Автомобильдер мен автобустарға екеуден, мотокөлік пен тіркемелерге біреуден номерлік белгі беріледі.

Қолданыста болған нөмірлік белгілерді қайта беру нөмірлік белгі "Көлік құралдарына және олардың тіркемелеріне арналған жарық қайтарғыш жабыны бар мемлекеттік тіркеу белгілері" Қазақстан Республикасы СТ МемСТ 986-95 талаптарына сәйкес келгенде және белгіленген мемлекеттік баж салығы төленгенде мынадай жағдайларда:

көлік құралдарының тіркеу деректеріне өзгерістер енгізілуіне байланысты көлік құралдарын қайта тіркегенде;

мұрагерлікке алу құқық туралы куәліктің немесе сыйға беру шартының негізінде иесі өзгергенде;

дипломатиялық өкілдіктерге және елшіліктер рангіне теңестірілген Қазақстан Республикасының аумағында Сыртқы істер министрлігі аккредиттеген халықаралық ұйымдарға тиесілі көлік құралдарын қайта тіркеу кезінде;

көрсетілген нөмірлік белгі берілген, өзінің атына тіркелген көлік құралы есептен шығарылған жағдайда оның атына жаңадан тіркелетін көлік құралына иесінің еркі бойынша жүзеге асырылады

Ескерту: 47-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ішкі істер министрінің 2005.04.26 N 249 (ресми жарияланғаннан бастап қолданысқа енгізіледі), 2008.11.13 N 424 ( қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) Бұйрықтарымен .

48. Техникалық жағынан жарамсыз көлік құралдарына оны жөндегенше номерлік белгі берілмейді.

49. Жасаушы кәсіпорыннан, автожөндеу заводтарынан кедендік бақылау органдары мен сауда ұйымдарының тіркеу орнына өз жүрісімен жеткізілген, сондай-ақ тұрған жерінің немесе меншік иесінің өзгеруіне байланысты Жол полициясының есебінен шығарылған көлік құралдарына бір рет қолданылатын " Транзит" номерлік белгісі тиісті жасаушы кәсіпорын, автожөндеу заводы, кеден органдары, сауда ұйымдары немесе Жол полициясының тіркеу пункттері тарапынан беріледі.

"Транзит" номерлік белгілерін бергенде көлік құралының иелік құқын растайтын құжатқа аталмыш белгілердің сериясы, номері, беру күні мен жарамдылық мерзімі көрсетіліп, сол жазуды жазған ұйымның мөрімен расталады :

1) "Транзит" номерлік белгілерінің жарамдылық мерзімі берілген күннен бастап 5 тәулік, кей жағдайларда 10 тәулік, олар тек тіркеу пунктіне жетуге немесе сатуға ғана жарамды. Көлік құралын тіркеген кезде "Транзит" белгісі алынып, тиісті тәртіппен жойылады.

Жасаушы кәсіпорын немесе Жол полициясының көлік құралын сауда ұйымдарына өз жүрісімен айдап апару үшін берілген "Транзит" номерлік белгілерін сауда ұйымдары сол жердегі ЖП тіркеу пунктіне акт бойынша жою үшін тапсырады;

2) Осы тармақтың 1-тармақшасында көрсетілген мерзімді ұзартуға себеп болғанда ("Транзит" белгісін айырбастағанда) ол туралы шешімді ІІБ, ҚІІБ ЖП басқармасының басшылығы, немесе көлік тіркелетін жердегі тіркеу пунктінің бастығы қабылдайды.

Ескерту: 49-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ішкі істер министрінің 2005 жылғы 26 сәуірдегі N 249 бұйрығымен (ресми жарияланғаннан бастап қолданысқа енгізіледі) .

50. Жоғалған, тиісті стандартқа сай келмейтін, жарамсыз болған немесе мерзімі өткен тіркеу құжаттары мен номерлік белгілерді айырбастау көлік құралының иесі жоғалған себебін көрсетіп өтініш жасаған соң тіркеу орнына беріледі.

Ескерту: 50-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ішкі істер министрінің 2005 жылғы 26 сәуірдегі N 249 бұйрығымен (ресми жарияланғаннан бастап қолданысқа енгізіледі) .

51. Есептен шығарылған көліктің тіркеу құжаты жоғалған жағдайда тіркеу пункттері көліктің бұрынғы тіркелген жеріне сұрау салады, ол алған күннен бастап 5 тәуліктің ішінде орындалуға тиіс.

52. Орнына дубликат берілген құжат пен көліктің номерлік белгісі табылған жағдайда олар жарамсыз деп табылып, сақталады және тиісті тәртіппен

жойылады. Көлік құралының табылған тіркеу құжаты мен номерлік белгісін есептен шығару үшін ақпарат ҚР ІІМ ОТКД-ға жіберіледі.

53. Көлік иесінің өтініші, көлік (номерлі агрегаттар) құқын растайтын құжаттар, төлемдерді төлегені жөніндегі құжаттар, босаған тіркеу құжаттары және оны кеден органдары алмаса, Қазақстан Республикасына әкелінген көлік құралдарын тіркеген мемлекеттердің тіркеу номерлері және "Транзит" номерлік белгілері тіркеу пунктіне тапсырылады.

Егер тіркеу пунктіне тапсырылуға тиісті құжаттар мен белгілер жоғалған болса, онда өтініште жоғалу жағдайы көрсетіледі.

54. ҚР территориясына қайтадан әкету міндеттемесімен екі ай уақыттан астам мерзімге уақытша әкелінген көлікті тіркеу кезінде оның иесіне кеден құжаттарында көрсетілген мерзімге тіркелгені туралы куәлік беріледі. Аталған көліктер тіркелген мемлекеттің тіркеу құжаттары мен номерлері ол көліктер ҚР-дан тысқары шығару үшін есептен алынған кезде иесіне қайтарылады.

55. Шетелдік дипломатиялық өкілдіктердің және олардың қызметкерлерінің көлік құралдарын тіркеу Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің дипломатиялық өкілдіктермен жұмыс жөніндегі ұйымдары арқылы жүргізіледі.

Ескерту: 55-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Ішкі істер министрінің 2005 жылғы 26 сәуірдегі N 249 бұйрығымен (ресми жарияланғаннан бастап қолданысқа енгізіледі) .

56. - шетелдік азаматтардың және азаматтығы жоқ адамдардың;

- Қазақстан Республикасындағы шетелдік заңды тұлғалар өкілдіктерінің және филиалдарының;

- шетелдердің қатысуындағы кәсіпорындардың (кемінде 10 процент) және олардың қызметкерлерінің көлік құралдарын тіркеу осы Ережеде көрсетілген құжаттар негізінде Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің дипломатиялық өкілдіктермен жұмыс жөніндегі ұйымдары арқылы жүргізіледі.

Ескерту: 56-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ішкі істер министрінің 2005 жылғы 26 сәуірдегі N 249 бұйрығымен (ресми жарияланғаннан бастап қолданысқа енгізіледі) .

57. ҚР-ға мемлекетаралық келісіммен ғылыми-техникалық, экономикалық және мәдени ынтымақтастық, қызмет, сауда, қоғамдық істермен екі айдан аз мерзімге келген шетелдік азаматтардың көлігін тіркеу осы Ережелерде көрсетілген құжаттар негізінде Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің дипломатиялық өкілдіктермен жұмыс жөніндегі ұйымдары арқылы қабылдаушы ұйымның сұрауы бойынша жүргізіледі.

Ескерту: 57-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ішкі істер министрінің 2005 жылғы 26 сәуірдегі N 249 бұйрығымен (ресми жарияланғаннан бастап қолданысқа енгізіледі) .

58. ҚР территориясында үнемі тұратын шетелдік азаматтар мен азаматтығы жоқтардың көлігін тіркеу жалпы негізде жасалады.

59. ҚР-дағы шетел өкілеттіктері, азаматтары және азаматтығы жоқтарға мынадай сериялы номерлік белгілер беріледі:

- "СМД" - шетелдік дипломатиялық өкілдіктер басшыларының қызмет және жеке көлігіне;

- "D" - шетелдік дипломатиялық өкілдіктердің, елшілікке теңестірілген басқадай халықаралық ұйымдардың, сондай-ақ осы өкілеттіктер қызметкерлерінің, олардың отбасы мүшелерінің жеке көлігіне. Дипломатиялық өкілдіктер мен ұйымдардың өтініші бойынша қызмет көліктеріне "Т" сериялы номерлік белгі берілуі мүмкін. Жеке көлікке "D" сериялы номерлік белгі беру үшін ҚР СІМ берген дипломатиялық карточка көрсетілуі керек;

- "Т" - дипломатиялық өкілдіктер мен ұйымдардың әкімшілік-техникалық және қызмет көрсетуші адамдарына, елші дәрежесіне теңестірілген отбасы мүшелеріне. Жеке көлікке "Т" сериялы номерлік белгі беру үшін ҚР СІМ берген куәлік пен қызмет карточкасы көрсетілуі керек;

- "М" - ҚР территориясында тиісті тәртіппен ашылған шетелдік фирма, банк, әуе компаниясы және басқадай ұйымдардың ҚР-дағы өкілдіктерінің, олардың қызметкерлері мен отбасы мүшелерінің көліктеріне беріледі. Жеке көлік құралына "М" сериялы номерлік белгі беру үшін ішкі істер органдарында тіркелген ұлттық паспорт ұсынылуы керек;

- "К" - шетелдік бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлерінің және олардың отбасылары мүшелерінің көліктеріне.

Жеке көлікке "К" сериялы номерлік белгі беру үшін ҚР СІМ берген тілшілердің немесе техникалық персоналдың куәліктері, ал отбасы мүшелері үшін - ішкі істер органдарында тіркелген ұлттық паспорттар көрсетілуі керек;

- "Н" - қазақ-шетелдік бірлескен кәсіпорындардың, республикаға қызмет бабымен, оқуға келген шетел азаматтарының және республикада тұруға келген немесе азаматтығы жоқ адамдардың көліктеріне.

"Н" сериялы номерлік белгі беру үшін ішкі істер органдарында тіркелген ұлттық паспорт немесе уақытша тұруға берілген құжаттар ұсынылады;

- "Р" - шетелге қайтуына байланысты немесе тысқары кетіп бара жатқан көліктерге тіркеу пункттері береді, оның республика ауқымындағы жарамды мерзімі 30 тәулік.

60. Шетелдік өкілдіктер мен азаматтардың машинасы мен тіркемелеріне ҚР сол аймағына бекітілген сериялардың соңғы номерлері мен сары түске боялған номерлік белгі беріледі.

61. Республикаға екі ай мерзімнен аз уақытқа келген шетелдік азаматтардың ҚР-дан алған көліктеріне "Р" сериялы номерлер беріліп, құжаттарына сәйкес мерзімі көрсетілген тіркеу куәлігі беріледі.

62. Тіркеуге мынадай көліктер жіберілмейді:

- қосалқы бөлшектер мен агрегаттардан немесе істен шыққан бөлшектерден құрастырылған;

- тиісті тәртіпті бұзып, техникалық талаптарға сай келмейтін ҚР ІІМ ЖПД, ІІБ ЖП басқармасымен келісілмей өз бетінше дайындалған және қайта жабдықталған.

63. Осы Ережелердің талаптары орындалмағанда ішкі істер органдары жүргізіп жатқан тексерістер біткенше тіркеу, өзгеріс енгізу, есептен шығару жүргізілмейді.

64. Тіркелген көлік құралдары мен олардың иелері туралы тіркеу анықтамалары мына негізде жазбаша сұрауға беріледі:

- қылмыстық немесе азаматтық істердің болуына байланысты сотқа, прокуратураға, тергеуге, салық полициясына;

- оперативтік іздестіру қызметімен айналысатын органдарға;

- өз міндеттерін орындау үшін Жол полициясының бөлімшелеріне.

Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес өзге де органдарға.

Тіркеуге негіз болған құжаттар сотқа, прокуратура мен тергеу органдарына беріледі.

Ескерту: 64-тармақ толықтырылды - ҚР Ішкі істер министрінің 2002 жылғы 1 қазандағы N 632 бұйрығымен .

65. Тіркеу жүргізуге республикадан тысқары жерде лауазымды адамдардың және басқа мемлекеттің білікті органдары қатысқан жағдайда, егер олар республика Сыртқы істер министрлігінде тіркелген болса, олардың құжаттары қабылданады.

66. Тіркеуден бас тарту жөнінде Жол полициясы көлік иесіне жазбаша түрде себебін көрсетіп хабарлауға міндетті.

Көлікті тіркеуден бас тарту жазуы өтініштің "ЖП қызмет белгілері" графасына жазылып, оған қол қойылады және мөр басылады. Мұндайда өтініш көлік иесіне қайтарылады.

Мұндай тәртіп тіркеудің басқа әрекетінен және анықтама беруден бас тартқанда да қолданылады.

## 4. Көлік құралдарын тіркеуге өзгеріс енгізу

67. Көлікті тіркеуге өзгеріс енгізу мынадай жағдайларда жасалады:

- меншік құқы өзгергенде;

- иесінің тұратын жері (заңды мекен-жайы) немесе көліктің тұратын тұрағы өзгергенде;

- иесінің аты-жөні (атауы) өзгергенде;

- қайта жабдықтау немесе агрегаттарын айырбастау кезінде көліктің типі, моделі, түсі өзгеріп, оған арнайы қондырғы орнатқан жағдайда.

68. Меншік құқы, иесінің тұратын жері (заңды мекен-жайы) немесе көліктің тұрағы ауысқанда тіркеуге өзгеріс енгізу осы Ережелердің 28-тармақта, 34-тармақтың 1)-8), 10), 11) және 13) тармақшаларында, 44-тармақтарында көрсетілген құжаттар негізінде, ал аты-жөні (атауы) өзгергенде сол өзгерістерді тиісті заңға сәйкес растайтын құжаттар болғанда жасалады.

Ескерту : Кәсіпорын таратылған жағдайда есептен шығару және қайта тіркеу тарату комиссиясының шешімі негізінде жүргізіледі.

Ескерту: 68-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ішкі істер министрінің 2005 жылғы 26 сәуірдегі N 249 бұйрығымен (ресми жарияланғаннан бастап қолданысқа енгізіледі) .

69. Көлікті қайта жабдықтаған жағдайда тіркеуге өзгеріс осы Ережелердің 28-тармақта, 34-тармақтың 1)-8), 10), 11) және 13) тармақшаларында, 44-тармақтарында көрсетілген құжаттар; қайта жабдықтау түрін ЖП-мен келісуі; көлікке техникалық байқауды қайта жабдықтаған соң Жол полициясы жасаған акті негіздерінде енгізіледі.

Ескерту: 69-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ішкі істер министрінің 2005 жылғы 26 сәуірдегі N 249 бұйрығымен (ресми жарияланғаннан бастап қолданысқа енгізіледі) .

70. Көліктерді заңды және жеке тұлғалардың қайта жабдықтау тәртібі ҚР заңдарында көрсетілген.

71. Тіркеу құжаттары мен торап номерлерінде айырмашылық болғанда көліктерді тіркеуге өзгеріс енгізу ішкі істер органдары немесе сот қабылдаған шешім негізінде жүргізіледі. Мұндай жағдайда тіркеу құжатының "Ерекше белгілер" графасына және есеп карточкасына аталған шешім жазылып, оның расталған көшірмесі іске тігіледі, ал түпнұсқасын көлік иесі тіркеу құжаттарымен бірге өзінде ұстауы керек.

Шешімді жоғалтқан жағдайда оның көшірмесі сұратылады.

72. Тіркеуге өзгеріс енгізгенде тіркеу құжаты ауыстырылады.

73. Жеңіл автомобиль мен автобустың шанағын, жүк автомобилінің шассиін ауыстырғанда, оның ішінде басқа модельге (модификацияға) ауыстырған жағдайда, көлік құралының бұрынғы шығарылған жылы қойылады. Тіркеу құжатының және есеп карточкасының "Маркасы, моделі" графасына орнатылған

кузовтың маркасы мен моделі жазылып, "Ерекше белгілер" графасына күні көрсетіліп "Кузов ауыстырылды" деп жазылады. Бұрынғы есеп карточкасы қосалқы картотекада үш жылға дейін сақталады:

1) Пайдалануға немесе жөндеуге жарамайтын номерлі бөлшектерді айырбастау, қайта жабдықтау тек қана ІІБ ЖП басқармасы басшылығының рұқсатымен жасалады. Мұндай жағдайда тіркеуге өзгеріс осы Ережелердің 69 тармағында көрсетілген тәртіппен ЖП техникалық бақылауы берген ұсыныс бойынша енгізіледі;

2) Тіркелген көліктің конструкциясына, соның ішінде негізгі бөліктеріне, қосымша қондырғыларына, жол қауіпсіздігіне әсер ететін басқадай бөлшектеріне өзгерістер жасалғанда сертификациядан қайта өту керек.

Ескерту: 73-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ішкі істер министрінің 2005 жылғы 26 сәуірдегі N 249 бұйрығымен (ресми жарияланғаннан бастап қолданысқа енгізіледі) .

74. Жол полициясында тіркелген босаған номерлі агрегатқа куәлік (17-қосымша) тиісті номерлі агрегаттарды айырбастауға байланысты тіркеу мәліметтері өзгергенде, сондай-ақ тозуына байланысты есептен шығарғанда беріледі.

75. Көлік иесінің тіркеу куәлігінің (техникалық паспорттың) "Ерекше белгілер" графасында өзгеріс енгізуге ұсынылған құжаттар, сондай-ақ бұрынғы тіркеу құжатының сериясы мен номері көрсетіледі.

Мұрагерлікке немесе сыйлыққа алынған көлік құралдары мұрагерлік құқында бірнеше адам көрсетілген болса, онда барлығының бір адамға меншік құқын беру туралы жазбаша келісімі арқылы қайта тіркеледі.

76. Көлікке арнайы жарық және дыбыс белгілерін орнатуға байланысты тіркеуге өзгеріс енгізу осы Ережелердің "Көлік құралдарын тіркеу" бөлімінің 42-тармағында көрсетілгеніндей жүргізіледі.

Арнайы дабыл құралдары бар ГОСТ-қа сәйкес түсті графикалы схема пайдаланылған көліктердің ондай құқын тоқтатуға байланысты немесе көлік иесінің өтініші бойынша тіркеу мәліметтерін өзгерту ондай қондырғылар алынғаннан кейін жасалады.

77. Тәркіленген және сот шешімімен иесіз деп табылған көлік құралдарының тіркеуіне өзгеріс енгізу сауда ұйымдарының анықтама-есеп, сот шешімінің көшірмесі негізінде жасалады, мұндайда көліктің есепке алынғандығы оның бұрын тіркелген жеріне хабарланады.

78. <*>

Ескерту: 78-тармақ алынып тасталды - ҚР Ішкі істер министрінің 2005 жылғы 26 сәуірдегі N 249 бұйрығымен (ресми жарияланғаннан бастап қолданысқа енгізіледі) .

## 5. Көлік құралдарын есептен шығару

79. Көлік құралдарының иелері оларды мынадай жағдайларда есептен шығаруға міндетті:

- жеке тұлғаның тұратын жері немесе көлік тіркелген кәсіпорынның, мекеменің, ұйымның заңды мекен-жайы өзгергенде, егер жаңа тұратын жер тіркеу пункті қызмет ететін территориядан тысқары болса, сондай-ақ тіркеу орнын өзгертуге басқадай негіз болса;
- көлікке меншік құқы тоқтағанда;
- көлік құралы тозып, істен шыққанда;
- көлік құралы республикадан тысқары жерге (уақытша әкетуді есептемегенде ) шығарылғанда.

80. Көлік құралдарын есептен шығару үшін иелері тіркеу пунктіне осы Ережелердің 34.1 - 34.7, 34.11 тармақтарында көрсетілген құжаттарды ұсынады. Тіркеу құжаттарына көлікті есептен шығарудың жағдайы өтініште көрсетілгендей жазылып, мөрмен расталады.

Көлік иелерінің облыс көлемінде, Астана және Алматы қалаларында тұрған жері мен заңды мекен-жайы өзгерген жағдайда есептен шығатын көліктердің номерлік белгісі тапсырылмайды. Көліктің есеп карточкасына тиісті белгі соғылады.

Көлік құралдарына (жоғарыда көрсетілгендерден, сондай-ақ жарамсыз болғандардан басқа) мерзімі көрсетіліп "Транзит" номерлік белгісі беріледі:

1) Көлікті тіркеу орнына көрсетуге әкелмей-ақ, егер көліктің тұрған жеріндегі ЖП органдары берген техникалық байқау актісі (16-қосымша) болса, есептен шығаруға болады;

2) Тіркеу пунктеріне Қазақстан Республикасының аумағында көлік құралдарын есептен шығаруды көлік құралы тіркелген орындарда емес, ол жүрген жерде есептен шығаруға рұқсат етіледі. Ерекше жағдайларда ІІБ ЖПБ басшылығының шешімімен республика аумағында көлікті тіркеу орындарынан емес, тұрған жерінен есептен шығаруға болады. Мұндай жағдайда есептен шығару оған ешқандай шектеу жоқтығы, иесі туралы мәліметтер нақтыланып, сондай-ақ көліктің мемлекетаралық және республикалық іздеуде жоқтығы анықталғаннан кейін ғана жасалады.

Көлікті есептен шығаруға шешім қабылданған соң бұл туралы ақпарат оның тіркелген пунктіне телетайп (телефакс) арқылы жедел хабарланады. Сұрау салу мен жауап беру 5 тәуліктің ішінде орындалуға тиіс.

Ескерту: 80-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ішкі істер министрлігі 2000.11.20 N 614 , 2008.11.13 N 424 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) Бұйрықтарымен.

81. Егер көліктің иесі екі жеке тұлға болса, онда есептен шығару екеуінің жазбаша келісімі немесе нотариус растаған сенімхат арқылы жүргізіледі.

82. Әлеуметтік қорғау органдары арқылы көлікті есептен шығару тек қана әлеуметтік қорғау органдарының рұқсатымен жасалады.

